# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

29 мамыр 2023 жыл №1112-23-00-2/1044 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАПКЕР:**
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«SAUDA 2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

## ШЕШІМ ЕТТІ:

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «SAUDA 2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айбының өндіру туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«SAUDA 2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 29.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.07.2023, судья Жакупов А. А., 10.07.2023
1112-23-3-1/1153

«SAUDA 2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 534 (бес жүз отыз төрт) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 16 (он алты) теңге 2 (екі) тиын көлемінде сот шығындары өндірілсін.

«SAUDA 2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 29.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2023, судья Жакупов А. А., 10.07.2023

1112-23-3-1/1153